

Ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерін мемлекеттік қорғау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 17 қазан 1994 ж. N 1166. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сату көлемінің азаюына жол бермеу, таңдаулы дәнді, дәнді-бұршақты дақылдардың, картоптың және жүгерінің өсімтал түрлерінің тұқымдарын өсіруге шаруашылықтардың мүдделілігін арттыру, асыл тұқымды ауыл шаруашылық малдарының қазіргі тұқымын сақтау және "1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" 1994 жылғы 14 шілдедегі N 137 Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының таңдаулы тұқымдарын, асыл тұқымды мал, жұмыртқа (тұқымдық мақсат үшін), жануарлардың ұрығын, минералдық тыңайтқыштар мен тұқымды дәрілеуіштер алуға қосымшаға сәйкес 1994 жылдың 1 қаңтарынан ауыл шаруашылығының барлық тауар өндірушілері үшін дотация с т а в к а л а р ы б е л г і л е н с і н .

Аталған ставкалар бойынша шығындардың орнын толтыру республикалық бюджеттен 1994 жылға нақты бөлінген қаржы шегінде жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігінің және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының келісімімен осы қаулыда қарастырылған мақсаттарға бюджеттік қаржыларды бағыттау мен пайдалану тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын, сондай-ақ қызметіне бюджет қаржысының есебінен қолдау жасалынатын ауыл шаруашылығы малдарының бағалы тұқымдарын өсірумен айналысатын таңдаулы тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылықтарының тізбесін а й қ ы н д а й т ы н б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясымен бірлесе отырып республикалық бюджеттен бөлінген қаржының мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз ететін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
 Министрлер Кабинетінің
 1994 жылғы 17 қазандағы
 N 1166 қаулысына
 Қосымша

**Ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне сатылатын
 асыл тұқымды малға, жұмыртқаға (тұқымдық мақсат үшін),
 жануарлардың ұрығына, ауыл шаруашылығы дақылдарының
 таңдаулы тұқымдарына, минералдық тыңайтқыштар мен
 өсімдіктерді қорғау құралдарына берілетін дотациялардың
 С т а в к а л а р ы**

		! Өлшем бірлігі	! Дотация ставкасы
Дәнді	дақылдардың	таңдаулы	
тұқымдары		тоннасы	теңге есебімен 2600
Жүгерінің	өсімтал	түрлерінің	
таңдаулы тұқымдары		>>	48800
Картоптың таңдаулы тұқымдары		>>	4800
Ірі қара мал (тірілей салмағы)		>>	6300
Қой мен ешкі		>>	4800
Шошқа		>>	10000
Жылқы		>>	4000
Ұрықтандырушы бұқа ұрығының		1 дозасы	теңге есебімен 7,5
дозасы			
Ұрықтандырушы қошқар		ұрығының	
дозасы		>>	4,0
Тұқымдық мақсатқа арналған		1000 данасы	теңге есебімен 1000
жұмыртқа			
Минералды тыңайтқыштар		1 тоннасының құны	%
		есебімен	50
Тұқымдарды дәрілеуіштер		>>	70